

*Қазақ жыраулары.

Орындаған: Халиков Б

Тексерген: Таңірбергенова Р

* Доспамбет жырау.

Доспамбет Жырау (1490, қазіргі Ресей Федерациясы, Ростов облысы, Азау қаласы — 1523, Астрахан маңы) — [жырау](#), [қолбасшы](#), [батыр](#). Доспамбет жырау қазақ халқының қалыптасу кезеңінде өмір сүрді. Кіші Ноғай ордасында әскери қолбасшы болған. Дешті Қыпшақты көп аралаған, [Бакшасарайда](#), [Стамбұлда](#) болған. [Қырым ханының](#) жағында көптеген әскери жорықтарға қатысқан. Тайпааралық ұрыстардың бірінде қаза тапты.



* **Бұқар жырау**
Қалқаманұлы (1668—1781) — қазақтың ұлы жырауы, 18 ғ. жоңғар басқыншыларына қарсы Қазақ-жоңғар соғысының бастаушысы әрі ұйымдастырушысы атақты Абылай ханның ақылшысы. Шыққан тегі Арғын тайпасының қаржас руынан. Заманындағы сыншылар оны «көмекей әулие» деген. Сөйлегенде көмекейі бүлкілдеп, аузынан тек өлең сөз төгіледі екен. Сырдария облысы Қазалы уезі көшербай болысының 6-шы ауыл. "Қарақ" деген жер



* Тәттімбет Қазанғапұлы (1815 ж., қазіргі Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында туып, 1862 ж. қайтыс боған) - күйші-композитор, домбырашы, шертпе күй орындаушылық мектебінің негізін қалаушылардың бірі, халық күй өнерінің классигі. Тәттімбет атқа ерте мініп, ел ісіне ерте араласқан адам. Батыс-Сібір генерал-губернаторы генерал-майор Фон Фридрихс Тәттімбет туралы арнайы жинаған мәліметінде мынандай дерек келтіреді: » Тәттімбет – ақ сүйектер әулетінен, бірақ көпестер гильдасына тіркелмеген. Қарқаралы округіндегі Нұрбике-Шаншар болысында 1842 жылдың 20 қаңтарынан 1845 жылдың 25 қаңтарына дейін болыс болды. Бұл жұмыстан өз арызы бойынша 1854 жылдың 29 шілдесіндегі бұйрықтың негізінде босатылды, қылмыс жасамаған, тергеуде, сотта болмаған ». Тәттімбет Ресей патшасы Александр II-нің таққа отыру салтанатына қатысқан.



* Шалкиіз жырау (1465-1560) - ақын, жырау, батыр. Шалкиіз - туындылары орыс тіліне аударылған ақын-жыраулардың бірі. Оның шығармашылығын сол дәуірдегі орыс оқымыстылары мен зерттеушілері жоғары бағалаған. Темір биге айтқандары әртүрлі жинақтар мен басылымдарда бірнеше мәрте басылды. Жыраудың қазақ көне әдебиетіндегі орны ерекше. Шалкиіз жырау ғұмырының көп бөлігін Ноғай ордасының билеушісі Темір бидің қол астында өткізеді. Турашылдығымен, әділдігімен, даналығымен ел алдында беделді болады. Өмірінің соңғы жылдарын [Хакназар хан](#) тұсындағы Қазақ мемлекетінде өткізеді



* Сыпыра жырау.

Сыпыра жырау (XIV ғ.) Суырып салма ақын. Руы - Кете. XIV ғасырда Тоқтамыс пен Едігенің билік құрған жылдарында өмір сүрген. Оның есімі ескі батырлар жырының талайында аталады. "Өз өмірінде толғау айтып өткен" Сыпыра жайында "Ер Тарғында" "Тоғыз ханды түзеткен кісі еді" делінеді. "Телағыс" жырында ел бірлігінің ұраншысы, ал "Қубағұлда" "Жүз сексенге келген" дана қария ретінде көрінеді.^[1] "Едіге би", "Тоқтамыс туралы аңыз" деген жырлар бар. Осылардың бәрінің о бастағы тудырушысы Сыпыра жырау болғанға ұқсайды. "Қырымның қырық батырын" жырлаған әйгілі Мұрын жырау өзін Сыпыра жыраудың ұрпағымын деген.^[2]

Дау-дамай, талас туған кезде халық әрқашан әділін айтар Сыпыра жырауды шақырып, оның шешіміне қанағаттанатын болған. Сыпыра жырау шығармашылығы көптеген түркі халықтары әдебиетінде көркем үлгі ретінде орын алды. Мәселен, ол ноғайлықтарға—Сыбыра йырау, башқұрттарға—Сыбры йырысы, татар барабиндіктерге — Сафардау, қырымдықтарға — Сыпара жырау ретінде белгілі. Ал қарақалпақтар Сыпыраны өздерінің ең үлкен эпосшы жыраулар мектебінің негізін салушы санайды

* **Үмбетей Тілеуұлы (1706-1778)**
- Ақмола облысында, яғни Орталық Қазақстанда дүниеге келген. Ол жас жағынан Бұқар жыраумен құрдас болған деген дерек бар, дидактикалық поэзияның әйгілі шеберлерінің бірі. Ол жастайынан сөз өнеріне ден қойған. Оның осы жолдағы алғашқы ұстазы - өз әкесі болған. Ол ән өнерін жақсы білген, ел тарихына өте қанық адам болғанға ұқсайды. Сол себепті халық шежірелерінен, шешендік сөздерінен, халық дастандарынан көп тағылым алған. 1778 жылы Ақмола облысы Ерейментау ауданында қайтыс болған.



* **Қожаберген Жырау** – Орта жүз Ашамайлы Керейдің Бәйбіше Көшебе руының Таузар тайпасынан шыққан атақты батыр, әйгілі суырып салма ақын Қожаберген Толыбайұлының есімі ежелден еліне белгілі болғанымен, соңғы уақыттарға дейін түрлі себептермен әдебиет тарихына енбей, қағаберіс қалып келді. Қожаберген 1663 жылы, қоян жылы, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Жамбыл ауданының Күлтөбе деген жерінде Толыбай сыншының отбасында дүниеге келген. Қожабергеннің араб, парсы тілдерін жетік білгендігіне байланысты ол Өз-Тәукенің сенімді елшілерінің бірі болған. Сондай-ақ, шежіреші, білімдар адам болған. Қазақ шаңырағында туған. Анасы Ақбілек Орта жүз, Арғын Айдабол бидің қызы



* Сүгір

Бегендікұлы (1894-1974) (күйші [Сүгірмен](#) ш атыстырмаңыз). Маңғыстау топырағында дүниеге келген белгілі ақын-жыраулардың бірі Сүгір Бегендікұлы өресіне табиғат берген өнер дарынын халыққа сыйлап, оның ыстық ықыласы мен құрметіне бөленген, бар парасатты ғұмырына еліне қызмет етумен өткізген асыл перзенті. Сүгір Жырау 1894 жылы Маңғыстауда Өгіз-Өреуіл деген жерде дүниеге келген. Сүгір [Адайдың](#) Мұңалы, оның ішінде Жаулыдан таралатын Ескелді ауылының перзенті. Әкесі Бегендік ескіше оқыған сауатты, діндар адам болған. Сүгірдің өз айтуы бойынша, әкесі екі рет Меккеге барып “Қажы” атанған кісі. Бейіті [Шопан ата](#) зиратына қойылған. 1974 жылы Маңғыстау облысы Қызылсай ауданында өмірден өткен.



* **Есет Қараұлы** (1779, Атырау облысы [Қызылқоға ауданы Қарабау](#) ауылы. — 1869, Атырау облысы [Махамбет ауданы Малайсары алқабы](#)) — жырау. Кіші жүз құрамындағы [Байұлы](#) тайпасының [Беріш](#) руынан шыққан. Исатай мен Махамбет бастаған Кіші жүз қазақтарының [ұлт-азаттық көтерілісіне](#) қатысқан. Көтеріліс басылғаннан кейін Ресей әкімш. тарапынан қуғын көріп, біраз жыл Маңғыстау, Хорезм жағында болады. Одан Жайық бойына оралып, тоқсанға келіп дүние салған. [Махамбет](#), Абыл ақындармен достық байланыста болған. Е-тен [Мұрат Мөңкеұлы](#), т.б. көптеген ақындар өнеге алған. 1908 ж. Қазанда басылған М. Бекмұхамбетұлының “Жақсы үгіт” жинағында Е-тің “Тауға біткен қайыңның” деп басталатын қартайған шағында айтқан толғауы жарық көрді. Толғаудағы өзекті мәселе — ерлікке, елдікке үндеу.



*** НАЗАР**
АУДАРҒАН ЖАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!!!